

Қали Жангілеуов атындағы
балалар саз мектебінің
2020 жылғы 29.08 күні пед.
кеңесінің шешімімен бекітілді
(хаттама № 1)
саз мектебінің
директоры  Н.Ихсан

**Жаңақала аудандық Қали Жангілеуов атындағы
балалар саз мектебінің 2020-2021 жылға арналған
жұмыс жоспары**

Жаңақала ауылы

Жаңақала аудандық Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебінің 2019-2020 оқу жылына қорытынды талдауы

2019-2020 оқу жылын саз мектебі 268 оқушымен бастады.

Саз мектебі 9 бағытта жұмыс жасады. Домбыра аспабы бойынша 11-сынып жұмыстанды онда 111 оқушы, қобыз сыныбында бес сынып бойынша 54 оқушы, баян аспабы бойынша үш сынып онда 17 оқушы, фортепиано бойынша төрт сыныпта 27 оқушы, виолончель сыныбында 16 оқушы, скрипка аспабында 6 оқушы, үрмелі аспап сыныбында 5 оқушы, вокалдық ән сыныбында 12 оқушы, хореография сыныбында 20 оқушы білім алды. Мектеп бойынша 86 оқушы 1 сыныпқа іріктеліп қабылданса, 22 түлек мектеп бітірді.

Сыныптар бойынша қамтылған оқушыларға тоқталатын болсақ:

Домбыра бөлімі бойынша: 6-сыныпта 2 оқушы, 5-сыныпта 12 оқушы, 4-сыныпта 10 оқушы, 3-сыныпта 21 оқушы, 2-сыныпта 38 оқушы, 1-сыныпта 28 оқушы;

Қобыз бөлімі бойынша: 5-сыныпта 2 оқушы, 4-сыныпта 8 оқушы, 3-сыныпта 10 оқушы, 2-сыныпта 8 оқушы, 1-сыныпта 26 оқушы;

Фортепиано бөлімі бойынша: 7-сыныпта 1 оқушы, 5-сыныпта 3 оқушы, 4-сыныпта 3 оқушы, 3-сыныпта 6 оқушы, 2-сыныпта 3 оқушы, 1-сыныпта 11 оқушы;

Баян бөлімі бойынша: 7-сыныпта 1 оқушы, 6-сыныпта 1 оқушы, 4-сыныпта 3 оқушы, 3-сыныпта 4 оқушы, 2-сыныпта 4 оқушы, 1-сыныпта 4 оқушы;

Труба сыныбы бойынша: 5-сыныпта 1 оқушы, 3-сыныпта 1 оқушы, 2-сыныпта 3 оқушы;

Вокалдық ән сыныбында: 5-сыныпта 4 оқушы, 4-сыныпта 5 оқушы, 3-сыныпта 1 оқушы, 2-сыныпта 2 оқушы;

Хореография сыныбында 2-сыныпта 10 оқушы, 1-сыныпта 10 оқушы;

Виолончель сыныбында: 5-сыныпта 2 оқушы, 4-сыныпта 2 оқушы, 3-сыныпта 2 оқушы, 1-сыныпта 10 оқушы,

Скрипка сыныбында: 2-сыныпта 1 оқушы, 1-сыныпта 5 оқушы білім алды.

Мектеп бойынша 20-жоғары білімді, 9-арнаулы орта білімді педагог қызмет жасайды. Олардың 2-і жоғары санатты, 7-і бірінші санаты, 6-ы екінші санатты, 14 педагог санатсыз.

Аудан орталығында 18 педагог, ауылдық округтерде 11 педагог оқушыларға білім беруде.

Түрлі деңгейде ұйымдастырылған байқауларға қатысып жүлдегер атанған педагогтар мен оқушыларымыздың жетістіктері

2020 жылдың 25-26 қазан аралығында Ақтөбе қаласында Атадан мұра қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық "Ұлы дала ұрпағы" байқауы оздырылды. Осы байқауға қатысқан мектеп оқушылары әр түрлі жанр бойынша жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ:

Домбыра номинациясы бойынша:

Кіші топта өнер көрсеткен Мергенғали Асылгүл 3-орынға ие болды жетекшісі Х. Бейсенғалиева, Финият Ерген 3 – орын жетекшісі Д. Қаберов, Арматұлы Нұрәлі 1-орын жетекшісі Т. Сыралиев.

Орта топ бойынша: Мұстажап Ғалимат пен Уахит Аңсар 3- орынға ие болды жетекшілері Қаберов Дархан, осы топ бойынша Мақсотова Арайлым, Сағатова

Гүлзада 2-орынға ие болды жетекшісі Х. Бейсенғалиева, Кәрім Ақгүл 2-орын жетекшісі Д. Қаберов, Асқар Дильназ 2-орын жетекшісі Т. Сыралиев, Өмірзақова Гүлсая 1-орын жетекшісі Х. Бейсенғалиева, Мақсотов Алмас 1-орын жетекшісі Д. Қаберов, осы байқаудың Бас жүлде иегері Сыйықов Дінмұхаммед жетекшісі Х. Бейсенғалиева.

Жасөспірімдер тобы бойынша: Қайратов Шыңғысхан 2 орын жетекшісі Д. Қаберов.

Вокал номинациясы бойынша кіші және орта топтар арасында Махамбет Аянат 2-орын, Есенғабұл Нұржауар 2-орынға, Талғат Меруерт Бас жүлдеге, Гафарова Камила 1 орынға, Батырова Ажар, Аманбаев Ернұр және Уахит Гүлсезім 2 орынға, Тұрсынғалиева Жасмина 3-орынға ие болды, жетекшілері М.Асанова. Баян номинациясы бойынша орта топта: Ерболат Еділ 2 -орын, Жақсыбай Нұртас 3 -орын алды жетекшісі Ә.Нәсіпқалиев

Жасөспірімдер тобы бойынша: Теміржанов Әділет Бас жүлде, Жақсыбаева Нұрдана 2 орынға ие болды жетекшісі Ә.Нәсіпқалиев. Осы байқаудың қобыз номинациясы бойынша: Кіші топтар арасынан Асхатқызы Жанайым 2-орын, Табылды Айзере, Қапез Айнұр, Есенболат Алина, Мырзаш Дариналар 3-орынға ие болса, орта топтар бойынша қатысқан оқушылары Уахит Гүлсезім мен Уахитов Аңсар 3-орын иеленді, жетекшісі Г.Құспанова.

Фортепиано номинациясы бойынша Чарлизова Анеля 3-орын алды жетекшісі Ж.Нигметов. Осы байқауға оқушыларын жоғары деңгейде дайындағандары үшін жетекшілері Асанова Миргул, Қаберов Дархан, Құспанова Гүлайымға "Үздік ұстаз " және топпен көп оқушы қатыстырғаны үшін «Үздік директор» төсбелгісімен мектеп директоры Нұралы Ихсан марапатталды.

Мектебіміздің домбырашыларынан құралған Г. Шуақбаева жетекшілік ететін квартеті Республикалық «Қазақстан таланттары» өнер орталығының Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырған «Құлақтан кіріп, бойды алар» балалар мен жастар байқауына қатысып Бас жүлде жеңіп алды. Осы байқауға мектебімізден қатысқан Төлеуғалиева Жансая II-орын, Қабиев Ерасыл 2-ші дәрежелі лауреат атанды (Жасөспірімдер тобы бойынша) жетекшісі М.Муратова, вокал номинациясы бойынша әріптесіміз Муратова Мейрамгуль қатысып жүлделі 1-орынды еншіледі.

Ақтөбе қаласында 15-16 ақпан күндері бүлдіршіндер мен жасөспірімдер арасында Атадан мұра қоғамдық қорының ұйымдастыруымен III Республикалық "Ұлы дала ұрпағы" байқауы оздырылды. Байқауға мектебімізден көптеген оқушылар қатысып жүлдері орындаға ие болды. Олар: домбыра номинациясы бойынша: Кіші топта өнер көрсеткен Гималайқызы Мариям, Әлшекен Ұлхан 2-орын және осы екі шәкіртіміз дуэт бағамы бойынша қатысып 2 орын иеленді, жетекшілері Г.Шуақбаева. Осы байқауда Мәдениет Досымжан Бас жүлде алса, Базарғали Жалғас 2 орынға ие болды жетекшісі Т.Сыралиев. Қабиев Ерасыл, Жасқайратов Рамазан, Уса Али II орын, Төлеуғалиева Жансая I орын иеленді жетекшісі М.Муратова.

Қобыз номинациясы бойынша жасөспірімдер тобы бойынша Мамаева Гүлнұр бас жүлде, Төлеген Айкөркем 2-орын иеленді жетекшілері Л. Жолмағамбетова.

Фортепиано номинациясы бойынша: Марат Әсем 2-орын алды жетекшісі Н.Утешкалиева.

Орал қаласында өткен Балалар музыка мектептері және өнер мектептеріндегі (хор ұжымдары мен фортепиано) жас музыканттардың 53-ші фестиваль-конкурсында мектебіміздің М. Асанова жетекшілік жасайтын хор ұжымы дипломант атанса, фортепиано номинациясы бойынша Қанатқали Темірлан дипломант атанды жетекшісі Т.Батырхайырова.

29 ақпан күні Орал қаласында өткен Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған «Әлемнің Абайы» байқауында қобыз аспабы бойынша Дуэт бөлімінде Уахитов Аңсар мен Уахит Гүлсезім, I орын, жеке аспапта Асхатқызы Жанайым 1-орынға ие болды жетекшілері Г.Куспанова. Осы байқауда домбыра номинациясы бойынша Мұрат Айым 1- орын, Балбаев Алдияр 3-орын, Серікқызы Кәусар 2-орын, Сағындық Оразмұхаммед 1-орын алды жетекшілері Ұ.Наурызғали. Талап Рахман 3-орын, Кәрім Ақгүл 2-орын, Қайратов Шыңғысхан бас жүлде алды жетекшілері Д.Қаберов. Бақтығали Ернұр 3-орын, Тұрарбекқызы Жасмин 1 орын алды жетекшілері А.Сисенова.

Сонымен қатар педагогтарымыз жыл ішінде өздерінің іс-тәжірибелерін республикалық, облыстық әдістемелік басылымдарға жариялады. Атап айтар болсақ вокал сыныбының оқытушысы М. Асанова «Қазақ білімі» атты республикалық әдістемелік журналына «Ұлы дала жеті қыры» атты мақаласын жариялады. Қобыз сыныбының оқытушысы Г.Құспанованың «Таза дыбыс. Альтерациялық белгілермен жұмыстану» тақырыбындағы ашық сабағы облыстық «Жайық ұстазы» газетінің № 24(423) санына жарық көрді. Домбыра сыныбының оқытушысы М. Мұратованың «Күй-күдірет, күй-кие» атты мақаласы аудандық «Жаңарған өңір» газетінде жарық көрді.

Мектебіміздің жоғары санатты домбыра сыныбының оқытушысы Г.Шуақбаеваның «Екі, үш ішекті домбыралардың дыбыс үндестігі» атты сабағы қазан айында өткен «Педагогикалық идеялар панорамасы» атты Республикалық байқаудың облыстық кезеңінде «Қосымша білім беру педагогтері» аталымы бойынша жүлделі I орынға ие болып, осы байқаудың арнайы диплом мен сыйлығымен марапатталды.

Қараша айында аудан орталығындағы өлкетану мұражайында «Махамбеттің күй мұрасы» тақырыбымен Махамбеттің 215 жылдығы және Тастөбе шайқасының 182 жылдығына орай күй кеші өтті. Оған сынып оқушылар түгел қатынасты. Махамбеттің 12 күйі орындалып, Р. Ниязбековтің «Махамбеттің майданы» кітабынан өлеңдер оқылды.

Қараша айының 25-29 күндері аралығында мектебіздің педагогтарына арналған жылжымалы курс ұйымдастырылды. Тақырыбы «Кәсіби музыкалық білім берудегі инновациялық технологиялар бойынша оқытушылардың құзіреттіліктерін дамыту». Оған мектебімізден 24 педагог қатысып өз білімдерін жетілдірді.

16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күні қарсаңында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтің «Құрмет грамотасымен» әріптесіміз Г. Шуақбаева марапатталды.

1-маусым –Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен «Балалар-өміріміздің гүлі»

атты облыстық онлайн-сазды эстафетаны Бөкейорда ауданынан қабылдап, Жәнібек ауданына жолдадық. Сонымен қатар осы мерекеде педагогтарымыз бен оқушыларымыздың дайындаған музыкалық сәлемдемесі фейсбук әлеуметтік желісіне жүктелді.

Осы мерекеге орай «Барлығы балалар үшін» атты республикалық акция аясында мекеме ұжымы ұйымдасып, «Балаларға жылу сыйла», «Жүректен жүрекке» блоктары бойынша уйден оқитын Жолды Дәулетке ақшалар сыйлық және концерттік бағдарлама көрсетілді.

Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебінің ұжымы 2019-2020 оқу жылын шығармашылық табыстармен аяқтады.

Жаңақала аудандық Қали Жантілеуов атындағы
балалар саз мектебінің 2020-2021 жылға арналған

жұмыс жоспары

Жоспардың құрылымы:

I. Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебінің 2020 жылы атқарған жұмыстарының қорытындылары, 2021 жылға белгіленген міндеттер.

II. Саз мектебі іс-әрекетінің 2020 жылға арналған мақсаттары және негізгі бағыттары:

III. Атқарушы және өкілетті органдар алдына сала бойынша қойылатын мәселелер.

IV. Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебінің педагогтар кеңесінде қаралатын мәселелер.

V. 2020-2021 оқу жылындағы атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспары

VI. Саз ұйымдарының қызметін талдау, бақылау және мониторинг жүргізу.

VII. Оқытушылар және оқушылармен өткізілетін аудандық бұқаралық-көпшілік іс-шаралар, байқаулар, фестивалдер.

VIII. Саз мектебінің филиалдарына жетекшілік.

I. Қали Жантілеуов атындағы балалар саз мектебінің 2020 жылы атқарған жұмыстарының қорытындылары, 2021 жылға белгіленген міндеттер.

Ауданның білім беру жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары және білім саласындағы мемлекеттік, аймақтық дамыту бағдарламалары, білім беру саласының қызметін реттейтін заңнамалары негізінде жүзеге асырады.

Қосымша білімді дамыту және тәрбие жұмысы

Білім сапасын тәрбие үдерісінен оқшау қарастыру мүмкін емес. Рухани құндылықтарды сіңірген, интеллектуалдық потенциалы дамыған, қазақстандық интеллегенцияны қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиеленеді.

Өткен жылы саз мектебінде 268 оқушы тәрбие алды. Бүгінгі таңда 273 оқушы білім алуда.

Тәрбие жұмысының жетістікке жету шартының бірі - ата-аналармен ынтымақтастықта жатқаны сөзсіз. Отбасының балаға ықпалы мен әсерін біле тұра, ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісінің белсенді қатысушылары ретінде қалыптастыру - маңызды және жауапты міндет.

Білім саласын қаржыландыру

2020 жылғы саз мектебінің бюджеті 76 млн.223 мың теңгені құрады.

Педагог кадрлармен қамту жұмыстары

Мектеп бойынша 20-жоғары білімді, 9-арнаулы орта мамандар, олардың 3-жоғары санат, 6-бірінші санат, 6-екінші санат, 1-модератор-педагог, 1-сарапшы-педагог, 12 санатсыз.

II. Саз мектебі іс-әрекетінің 2020 жылға арналған мақсаттары және негізгі бағыттары:

Саз мектебінде оқитын балалардың мектепке толық келуін қамтамасыз ету;

- мектепке аспаптар, кітаптарды, құрал-жабдықтар алумен қамтамасыз етуді жалғастыру;
- мектептің филиалдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту;
- саз мектебі бойынша жалпы және сапалық үлгерімнің оқу жылдары мен жартыжылдықтар бойынша өсуін талдай отырып, білім сапасы мониторингін жалғастыру;
- дарынды балалармен жеке жұмысты жандандыру.
- жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану есебінен мектептердің жұмыс тиімділігін арттыру;
- оқу нәтижелерін және білім қызметін алу сапасының басқа да аралық бақылау түрлерін талдау және өзінше пайымдау есебінен білім жүйесі қызметінің және оның барлық компоненттерінің тиімділігін арттыру, білім беру технологияларын және оқыту әдістемелерін арттыру;
- оқушылардың білім алу сапасын арттыру мақсатында оқуға ынтасы жоғары оқушылар үшін аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарға қатысуды күшейту;
- білім ұйымдарындағы инновациялық іс-әрекетті сараптау және сапасын бағалау жүйесін жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау жұмысын жүйелеу, білім беру ұйымдарының талапқа сәйкес мемлекеттік рәміздерімен қамтамасыз етілуін бақылау, патриоттық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттауды жетілдіру.

білім беру жүйесін қаржыландыру саласында :

- мектептің материалдық-техникалық базаларын нығайту, қажетті оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер, пән кабинеттері мен ақпараттық коммуникация технологиялары мен білім-тәрбие беру нысандарына қажетті құралдармен жабдықтауды жалғастыру;

III. Атқарушы және өкілетті органдар алдына сала бойынша қойылатын мәселелер

№	Мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	Саз мектебіндегі кабинеттер жүйесін жөндету. Ауылдық округтердегі кластарға құрал-жабдықтар алуға жұмыстану.	Жыл бойы	Директор
2	Мектептің қажеттілігіне қосымша қаржы сұрау	Жыл бойы	Директор

IV. Педагогтар кеңесінде қаралатын мәселелер

1-кеңес (тамыз) онлайн

1. Алдағы 2020-2021 оқу жылының жоспарын таныстыру, бекіту
2. Сыныптардың жаңа оқу жылына әзірлігін аяқтау.
3. Педагогикалық апталық жүктемесін бөлу
4. Ағымдағы мәселелер

2-кеңес (қазан) онлайн

1.2020-2021 жылының 1-оқу тоқсанын қорытындылау

2.Әр бөлімінің жеке-жеке есебі.

3.Жоспардағы жұмыстарды тапсыру

4.Ағымдағы мәселелер

3-кеңес (желтоқсан) онлайн

1.2020-2021 оқу жылының 1-жартыжылдық оқу тоқсанын қорытындылау.(Хабарламашы О.Сапарова)

2.Әр бөлімінің жеке-жеке есебі.

3.Жылдық жоспардағы алдағы атқарылатын жұмыстарды тапсыру.

4.Ағымдағы мәселелер

5.Елдегі эпид ахауал

4-кеңес (наурыз) онлайн

1.Оқу жылының III-оқу тоқсанын қорытындылау.(Хабарламашы О.Сапарова)

2. Әр бөлімінің есебі.

3.Жылдық жоспарда белгіленген жұмыстарды белгілеу.

5-кеңес (мамыр)

1.2020-2021 оқу жылын қорытындылау.(Хабарламашы Н.Ихсан)

2. Әр бөлімінің есебі.

3.Мектептің жөндеу жұмысына әзірлігі

4.Ағымдағы мәселелер

V.2020-2021 оқу жылындағы атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспары

№	Атқаратын жұмыстар	Өтетін уақыты	Жауапты адамдар
1	Саз мектебіне оқушыларды қабылдау	тамыз қыркүйек	Оқытушылар Директор
2	Оқушының жеке жоспарын, топтама сабақтар жоспарын бекіту	Қыркүйек, қаңтар	Оқытушылар Директор орынбасарлары
3	Ұлы ақын А.Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына арналған «Абай дана, Абай дара қазақта» әдеби сазды кеш	қыркүйек	Г.Шуакбаева
4	Халықаралық, Республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегерлерін Қазақстан-Орал телеарнасының «Күншуақ» бағдарламасына қатыстыру	қазан	Директор орынбасарлары, оқытушылар
5	«Өнерлі өрендер» жас домбырашылар, баяншылар, қобызшылар байқауының аудандық кезеңі	Қараша, желтоқсан	Директор орынбасарлары, оқытушылар
6	Аудан көлеміндегі мәдени-спорттық шараларға ұжым болып қатысуды	Жыл бойы	Ұжым мүшелері

	ұйымдастыру		
7	Орал саз мектептерімен әдістемелік тәжірибе алмасуды жоспарлап, ұйымдастыру.	Жыл бойы	Директор, орынбасарлары, Оқытушылар
8	Фольклорлық ансамблдің жұмысын жетілдіруге жұмыстану.	Үнемі	Г. Шуақбаева, Оқытушылар
9	Әр оқу тоқсанының алдында педагогикалық кеңестер өткізу	Әр оқу тоқсан соңы	Директор орынбасарлары
10	Бірінші және екінші оқу жартыжылдығының соңында жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.	Қаңтар, мамыр	Директор орынбасарлары
11	Әр оқу тоқсаны соңында оқышылардан академиялық концерттер техникалық сынақтар алу.	Әр оқу тоқсан соңы	Директор орынбасарлары Оқытушылар
12	Саз мектебі тәрбиеленушілерін түрлі деңгейдегі облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысуын жоспарлап, ұйымдастыру.	Жыл бойына	Ұжым мүшелері, тәрбиеленушілер
13	«Әл-Фарабидің музыка трактаты» тәрбиелік шара	желтоқсан	Г. Шуақбаева
14	Қ. Жантілеуов туған күнін атап өтуге байланысты «Күйші Қали бабаның өмір жолы» тәрбиелік шара	Қаңтар	Домбырашылар
15	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы шеңберінде «Тұңғыш Президент жолымен» Халық экспедициясы эстафетасы Бөкей ордасы ауданына өтетін шараға қатысу	Қаңтар	Директор орынбасарлары, оқытушылар
16	Республикалық «Жас музыканттар» байқауының облыстық кезеңіне оқушылар мен жетекшілерін қатыстыру	ақпан	Директор орынбасарлары, оқытушылар
17	Динаның 160 жылдығына орай күйшілер байқауы (мектепшілік)	наурыз	Х. Бейсегалиева
18	Сыныптар бойынша тақырыптық мектепшілік тәрбиелік шаралар ұйымдастыру.	Наурыз, Сәуір, Мамыр айлары	Оқытушылар

19	«Жас дарын» облыстық байқауына оқушылар мен жетекшілерін қатыстыру	наурыз	Оқытушылар
20	Баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларды ұжым болып талқылау, баспасөзге жариялау.	Жыл бойы	Ә.Нәсіпқалиев
21	Оқу жылының қорытындысымен саз мектебінде есептік концерт беруді жоспарлау, өткізу.	Сәуір	Т.Батырхайырова
22	Облыстық № 1 Дина Нұрпейісова атындағы балалар саз мектебімен тәжірибе алмасу. Кездесу. Орал қаласына бару	сәуір	Директор орынбасарлары, оқытушылар
23	Бөкей Орда ауданының саз мектебінің оқытушыларымен тәжірибе алмасу. Бөкей Орда ауданы	мамыр	Директор орынбасарлары, оқытушылар
24	Облыс саз мектептерімен әдістемелік тәжірибе алмасуды жоспарлап, ұйымдастыру.	Жыл бойы	Директор, орынбасарлары, Оқытушылар
25	Саз мектебін бітірген оқушыларға куәліктер табыстау, оқу жылының аяқталу шарасын, соңғы қонырау салтанатын өткізу.	мамыр	Мектеп әкімшілігі, Х.Бейсенғалиева
26	Аудан көлеміндегі мәдени-спорттық шараларға ұжым болып қатысуды ұйымдастыру	Жыл бойы	Ұжым мүшелері
27	Фольклорлық ансамблдің жұмысын жетілдіруге жұмыстану.	Үнемі	Г.Шуақбаева, Оқытушылар
28	Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын ұжым болып талқылап, таныстыру.	Жыл бойы	Әкімшілік, Оқытушылар
29	Ашық сағаттары	Тоқсанға 1-рет	Оқытушылар
30	Шеберлік (мастер) сыныбы	Тоқсан сайын	Оқытушылар
	Г.Шуақбаева		домбырашыларға
	О.Сапарова		сольфеджио пәні бойынша
	А.Құспанова		Баян сыныбына
31	Білім көтеру курсы жоспарлау	Жыл бойы	Директор Орынбасарлары
32	Жас мамандарға көмек	Тоқсан сайын	Оқытушылар

	А.Сисенова,Г.Шуақбаева		Домбырашыларға
	Г.Құспанова		Қобызшыларға
	О.Сапарова		сольфеджио пәні бойынша
33	Педагог қызметкерлердің жұмыстарын ритингілік кесте бойынша бағалау	Оқу жылының соңында	О.Сапарова Ж.Кайрекешов

VI. Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау

№	Жұмыс түрі, не тексеріледі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды қайда қаралады?
1	Аудан, облыс көлемінде өтетін іс-шараларға оқушылардың қатысуына сараптама жасау.	Жарты жылда бір рет	Директор орынбасары	Директор жанындағы кеңес
2	Мамандықтар бойынша педагогтардың жұмыс барысын тексеру (күнтізбелік жоспарын, сабақтардың уақытылы өтуі, оқушылардың қатысуы, күнделікті сабақ жоспарын) болуы	Күнделікті	ӘБЖ	ӘБ отырысы
3	Мектеп контингентін бақылауда ұстау.	Ай сайын	Директордың орынбасары	Директор жанындағы кеңес
4	Мектеп қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларын тексеру	Жылына екі рет	Іс жүргізуші	Директор жанындағы кеңес
5	Есепшілердің жұмысы және қаржылық кіріс-шығыс құжаттарын тексеру	Әр айдың соңында	Директор	Әкімшілік кеңесте
6	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	Қараша-мамыр	Директор	Директор жанындағы кеңес

VII. Ұйымдастыру жұмыстары

№	Шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	АББ-мен жылдық бюджет қаржысын қарастыру(өзгерістер енгізу)	Тамыз-қыркүйек	Директор
2	Мамандар қабылдау, штат кестесін жасау	Қыркүйек-қазан	Арнайы комиссия
3	Тарификация, жылдық есеп беру құжаттарын даярлау	Қыркүйек-қаңтар	Директор, орынбасары
4	Мектеп жоспары мен оқу-тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек-қаңтар	Директор

VIII. Директор жанындағы кеңес отырысы

№	Тақырыбы	Жауапты
	қыркүйек	
1	АБ бөліміне есеп беру. Қабылданған оқушыларды	әкімшілік

	педагогтарға беркіту.	
2	Жаңа оқу жылына жүктеме бөлу жұмыстары.	Директор
3	Әдістемелік, тәрбиелік жұмыстардың барысы туралы	Директор орынбасары
қазан		
1	Мектептегі оқу – тәрбие процесінің жағдайы	Директор орынбасары
2	Дарынды балалармен жұмыс.	Әдістемелік бірлестік жетекшілері.
3	Мамандық оқытушылар жұмыс барысының жүргізілуі туралы.	Директор орынбасары
қараша		
1	Академиялық концерт қорытындысы	Директор орынбасары
2	Мамандықтар бойынша оқытушыларының құжаттарының жүргізілу барысы.	Әкімшілік
3	Баспасөзге мақалалар жариялау жұмыстарын қадағалау	Орынбасарлары
Желтоқсан		
1	I – жартыжылдық қорытындысы	Директор
2	Емтихан қорытындысы бойынша оқушылардың білім деңгейлерін талдау.	Директор орынбасары
3	Домбыра, қобыз, баян, мамандықтарының жұмысы туралы.	Директор орынбасары
қаңтар		
1	Конкурса қатысатын оқушылардың бағдарламалық шығармаларын бекіту.	Директор
2	Фортепиано, вокал, үрмелі аспап мамандықтарының жұмысы туралы	Директор орынбасары
ақпан		
1	Қабілетті оқушылармен жұмыс барысы туралы	Директор орынбасары
2	Мектеп контингентін сақтаудағы жұмыстар туралы.	Директор орынбасары
3	Шеберлікті шыңдау сынағының қорытынды есебі.	Директор орынбасары
наурыз		
1	Тәрбиелік іс – шаралардың мектепшілік кезеңдерін өткізу.	Директор орынбасары
2	Академиялық концерттің қорытындысы.	Директор орынбасары
сәуір		
1	Педагогтарды аттестаттау жұмысына сараптама	Директор орынбасары
2	Өткізілген шеберлік сыныптарға сараптама.	Директор орынбасары
3	Мектеп бітіруші түлектердің мемлекеттік емтиханға	Директор

	дайындықтары	орынбасары
4	Кластан – класқа көшіру, мемлекеттік емтихандардың өтілетін күндерін беркіту.	директор
мамыр		
1	Озат ұстаздарды марапаттауға ұсыну.	Педагогтар
2	Оқу – тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі.	Директор орынбасары
3	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	әкімшілік
4	Мектеп құжаттарымен жұмыстарды реттеу.	Әкімшілік
5	Кластан класқа көшіру емтиханы, мемлекеттік емтихандар қорытындысы	Директор орынбасары

IX. Саз ұйымдарының қызметін талдау, бақылау және мониторинг жүргізу.

№	Мазмұны	мерзімі	Жауаптылар
1	Көпжасар филиаллы	Үнемі	Сапарова О ,Г.Шуакбаева
2	Қызылоба филиаллы	Үнемі	Г.Шуакбаева,Л.Жолмағамбетова
3	Бірлік филиаллы	Үнемі	Г.Құспанова ,А.Шынтаева
4	Карманов филиаллы	Үнемі	Ж.Қайрекешов,А.Шынтаева

№	Мазмұны	мерзімі	жауаптылар
2	Саз мектебінің жаңа оқу жылына дайындығы (барлық филиалдар)	тамыз	Н.Ихсан О.Сапарова Ж.Қайрекешов

X. Педагог кадрлармен және оқушылармен өткізілетін аудандық бұқаралық-көпшілік іс-шаралар

Конференциялар, байқаулар

№	Мазмұны	мерзімі	жауаптылар
1	Аудан педагог қызметкерлерінің тамыз кеңесіне қатысуға делегаттар іріктеу.	тамыз	Оқытушылар
2	Мектепшілік домбырашылар, қобызшылар, баян аспаптары байқауларын ұйымдастыру	үнемі	Оқытушылар О.Сапарова

XI. Саз мектебінің филиалдарына жетекшілік

№	Білім ұйымының атауы	жетекшісі
1	Көпжасар ауылы (домбыра,қобыз)	Г.Шуакбаева
2	Қызылоба ауылы (домбыра,қобыз,хореография)	А.Шынтаева
3	С.Мендешов ауылы (домбыра)	Д.Қаберов
4	Бірлік ауылы (домбыра,қобыз)	

